



Инфляциялық үрдістер

Шілде 2021

- Ет бағасының өсуі нәтижесінде азық-түлік инфляциясын жеделдеуі
- Ұзақ пайдаланылатын тауарлар мен электр энергиясының қымбаттауы


2021 жылғы шілдеде инфляция 0,7%-ды құрады, бұл 2009 жылдан бастап осы ай үшін бағаның ең жоғары айлық өсімі болып табылады. Инфляцияның жылдық деңгейі 8,4%-ға дейін өсті.

Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсу қарқыны 2021 жылғы маусымдағы 10,6%-дан 2021 жылғы шілдеде 11,0%-ға дейін жеделдеді. Жеделдетуге негізгі үлес шығындардың өсуі аясында ет өнімдерінің барлық түрлеріне бағаның өсуіне әкелді. Сонымен қатар, әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның өсуінің баяулауымен ішкі өндірушілер бағасының өсуі аясында өсімдік майы мен қанттың қымбаттауы жалғасты. Шілде айында көкөністердің кейбір түрлеріне бағаның өсуі жалғасты.

1-график. Азық-түлік инфляциясы



2-график. Азық-түлік инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


Азық-түлік емес жылдық инфляция шілдеде 7,2%-ға дейін (2021 жылғы маусымда - 6,9%) жеделдеді. Жеделдетудің негізгі факторы тұтынушылық сұраныстың кеңеюі аясында жанар-жағармай материалдары (бензин, дизель отыны), сондай-ақ ұзақ пайдаланылатын тауарлардың (киім мен аяқ киім, үйге арналған заттар, құрылыс материалдары) қымбаттауы болды.

Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 2021 жылғы шілдеде электр энергиясына тарифтердің жалғасқан өсуі және жекелеген нарықтық қызметтердің қымбаттауы нәтижесінде 6,1%-ға (2021 жылғы маусымда - 5,6%) дейін жеделдеді.

Электр энергиясына тарифтердің өсуі (5%-ға, м/м) көптеген өңірлерде энергия өндіруші ұйымдар тарифтерінің сәуір айындағы өсуін көрсете отырып, соңғы жылдары ең жоғары өсім болды. Энергия ресурстарының қымбаттауы және ұсыныстың төмендеуі


жағдайында туристік сапарларға сұраныстың қалпына келуі әуе көлігі тарифтерінің өсуіне себепші болды. Карантиндік шараларды күшейту және жұмысты шектеу жеке күтім мен қоғамдық тамақтану саласындағы қызметтердің қымбаттауына әсер етеді. Сонымен қатар, тұрғын үйді жалға алу мен жөндеу қызметтері бағаларының біршама өсімі тіркелді.

3-график. Азық-түлік емес инфляция



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-график. Ақылы қызметтер



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ